

«Қазынашылық-клиент» ақпараттық жүйесі

**Қазынашылық органдарының
Клиенттермен өзара іс-қимылдарының
Тәртібі**

Астана, 2017 жыл

Аңдатпа

Осы Тәртіп қазынашылық сүйемелдеу кезіндегі қазынашылық органдарының мемлекеттік мекемелерімен, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерімен, уәкілетті мемлекеттік органдарымен, квазимемлекеттік секторының субъектілерімен, бас мердігерлерімен (мердігерлерімен), қосалқы мердігерлерімен (бұдан әрі - Клиент) өзара іс-қимылдарының рәсімін регламенттейді.

Құжатта қазынашылықтың ақпараттық жүйелерінің үздіксіз жұмыс істелуін және мемлекеттік бюджеттің уақтылы орындалуын қамтамасыз етуге бағытталған, қазынашылық органдарының Клиенттерімен өзара іс-қимылдарының тәртібі келтірілген.

1. Жалпы ережелері

1. Тәртіп:

- 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-IV Қазақстан Республикасының бюджеттік кодексіне;
- 2015 жылғы 24 қарашадағы № 418-V ҚРЗ Қазақстан Республикасының «Ақпараттандыру туралы» заңына;
- 2003 жылғы 7 қаңтардағы № 370 Қазақстан Республикасының «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» заңына;
- 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 Қазақстан Республикасының қаржы Министрінің бұйрығымен бекітілген Бюджеттің атқарылуы және оған қасалық қызмет көрсету ережесіне;
- 2016 жылғы 2 наурыздағы № 98 Қазақстан Республикасының Қаржы Министрінің бұйрығымен бекітілген Пайдаланушылардың «Қазынашылық-клиент» Ақпараттық жүйесімен және Қазақстан Республикасының Ұлттық

куәландырушы орталығымен өзара іс-қимылдарының әдістемелік ұсынымдарына сәйкес әзірленген.

2. Тәртіп:

- өзара іс-қимылдың қатысушыларын,
- өзара іс-қимылдың тәртібін,
- өзара іс-қимылдың ерекшеліктерін анықтайды.

2. Ұғымдар мен қысқартулар

Осы тәртіпте келесі негізгі ұғымдар мен қысқартулар пайдаланылады:

«Қазынашылық-клиент» ақпараттық жүйесі, «Қазынашылық-клиент» АЖ	Қазынашылық органдарына мемлекеттік мекемелерімен, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерімен, уәкілетті мемлекеттік органдарымен, квазимемлекеттік секторының субъектілерімен, бас мердігерлерімен (мердігерлерімен), қосалқы мердігерлерімен қазынашылық сүйемелдеу кезінде берілетін құжаттарды қабылдау мен өңдеу және қазынашылық органдарымен есептілікті қалыптастыру бойынша функцияларын автоматтандыруды қамтамасыз ететін және Қазынашылықтың Біріктірілген ақпараттық жүйесінің компоненті болып табылатын Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитетінің және оның аумақтық органдарының ақпараттық жүйесі
Оқиғаларды басқару жүйесі	Оқиғаларды басқару жүйесі Қазынашылық ақпараттық жүйелерінің пайдаланушыларын сүйемелдеуге және қолдауға, түінді мәселелерді анықтауға және жедел шешуге арналған.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІНІҢ ҚАЗЫНАШЫЛЫҚ КОМИТЕТІ

Бірыңғай байланыс орталығы	«Қазынашылық-клиент» АЖ клиенттерімен электрондық құжат айналымы жүйесінің пайдаланушыларына қолдау бойынша орталығы
Клиент	Қазынашылықтың аумақтық органдарында қызмет көрсетілетін мемлекеттік мекемелері, бюджеттік бағдарламалар әкімшілері, уәкілетті мемлекеттік органдары, квазимемлекеттік секторының субъектілері, бас мердігерлері (мердігерлері), қосалқы мердігерлері
ММ/КСС	Мемлекеттік мекемелер/квазимемлекеттік секторының субъектілері
ҚҚБ/АҚБ	Қалалық қазынашылық басқармалары/аудандық қазынашылық басқармалары
ҚД	Облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша Қазынашылық департаменттері
ҚАО	Қазынашылықтың аумақтық органдары
ҚР ҚМ ҚК АТБ	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің Ақпараттық технологиялар басқармасы
Ұшығу	Клиенттің түінді мәселесі туралы ақпаратты мәлімет үшін жеткізу

3. Өзара іс-қимылдың қатысушылары

Өзара іс-қимылдың қатысушылары:

- түінді мәселелердің сұрақтары бойынша өтініштер бөлігінде өзара іс-қимылдың бастамашылары болып табылатын *клиенттер*;

- «Қазынашылық-клиент» АЖ клиенттерімен электрондық құжат айналымы жүйесінің пайдаланушыларына қолдау бойынша *Бірыңғай байланыс-орталығы*;

- Клиентте туындайтын тәуекелдерді және түінді мәселелердің сұрақтарын талдайтын *Қазынашылық органдары*, атап айтқанда:

1) Клиентке консультациялық көмек көрсететін ҚД, ҚҚБ/АҚО;

2) Клиентке консультациялық көмек көрсету бойынша мүмкіндігі болмаған жағдайда ҚД осы түінді мәселені ҚР ҚМ ҚК АТБ-ға өршіте түседі. ҚР ҚМ ҚК АТБ-дан алған шешімді ҚД Клиентке хабарлайды.

4. Өзара іс-қимыл тәртібі

Клиент:

- Интернет байланысы болмай қалатын жағдайда байланыс қызметтерінің өнім берушіне *жүгінеді*;

- «Қазынашылық-клиент» Ақпараттық жүйесі жұмыс істемей қалатын жағдайда:

- Қазынашылық органдарының қызметіне байланысты түрлі өзгерістер туралы онлайн-хабарландырулары орнатылған, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық Комитетінің, www.kazyna.gov.kz ресми сайтына;

- Бірыңғай байланыс-орталығының - 1414 телефонына;
- қызмет көрсету орны бойынша ҚД, ҚҚБ/АҚБ-ның қазынашылық жүйесін технологиялық сүйемелдеу және ақпараттық қауіпсіздігі бөліміне жүгінеді;

Ескертпе: Клиентке консультациялық көмек көрсету бойынша мүмкіндігі болмаған жағдайда ҚД оқиғаларды басқару жүйесі арқылы осы түінді мәселені ҚР ҚМ ҚК АТБ-ға өршіте түседі. ҚР ҚМ ҚК АТБ-дан алған шешімді ҚД Клиентке хабарлайды.

Қазынашылықтық ақпараттық жүйелерінің пайдаланушыларының ақпараттандыру сапасын және қаржылық сауаттылық деңгейін жоғарлату мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің www.kazyna.gov.kz ресми сайтының, «Пайдалы ақпарат» блогында келесі бөлімдер мен сервистер орнатылған:

- сұрақтар мен жауаптар,
- бастаушы бухгалтерлерге,
- терминдер,
- әдістемелік ұсыныстар,
- ұсыныстарды жинақтау,
- пайдаланушының нұсқаулығы (сайтта тіркелген пайдаланушылар үшін),
- бейне сабақтар (сайтта тіркелген пайдаланушылар үшін).

Оқыту ақпаратқа (пайдаланушыдың нұсқаулығы және бейне сабақтар) қол жетімділікті алу үшін «Қазынашылық-Клиент» АЖ-ның пайдаланушысына Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі

Қазынашылық комитетінің www.kazyna.gov.kz сайтында тіркеу рәсімін өту қажет.

Тіркеу кезінде пайдаланушы келесі деректерді енгізеді:

- ММ/КСС-нің атауын;
- ММ/КСС кодын;
- парольді;
- электрондық поштаны;
- құпиялық кодын.

Жоғарыда көрсетілген құпиялық кодын қызмет көрсету орны бойынша қазынашылықтың аумақтық органында алады.

5. Өзара іс-қимылдың ерекшеліктері

ҚАО басшылары қызмет көрсетілетін Клиенттерімен жұмысты бекітілген Тәртіпке сәйкес ұйымдастырады.

Клиент «Қазынашылық-Клиент» АЖ-ның барлық бизнес-процесстері бойынша ҚАО-ға жүгінеді.